

"Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының төлем жасау қабілетін қалпына келтіру және банкроттықты болдырмау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 сәуір N 500

"Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кредиторлық және дебиторлық берешектерін бағалау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынысын және оның қаражат жағдайын бағалау жөніндегі тәуелсіз аудиттің нәтижелерін қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Елеулі жабық кредиторлық берешектерінің анықталуына байланысты "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамы дәрменсіз борышкер деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Самсунг Дойчланд ГмбХ" корпорациясының келісімімен 1995 жылғы 7 маусымда басқаруға жасалған N 16/95 контрактіні және 1995 жылғы 16 қыркүйектегі оған қосымша келісімді бұзсын.

3. Кредиттік берешектің негізгі сомасы "Самсунг Дойчланд ГмбХ" корпорациясының үлесіне тиетіндігі ескеріле отырып, "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамы "Самсунг Дойчланд ГмбХ" корпорациясының сыртқы басқаруына берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес "Самсунг Дойчланд ГмбХ" корпорациясымен сыртқы басқару туралы шарт жасасын.

5. "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кредиторлық және дебиторлық берешектерін бағалау жөніндегі ведомствоаралық комиссия басқарушы фирманың қатысуымен бір ай мерзімде кредиттік қарызды өтеу кестесін жасасын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының 51 процент мөлшеріндегі мемлекеттік акциялар пакетін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін <*> .

<*> Ескерту: Өзгертулер енгізілген - ҚР Үкіметінің 1996.05.22.
N 626 қаулысымен. P960626_

7. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының мемлекеттік пакетін 51 процент мөлшерінде айтылған шарттарда жабық тендерде сатсын <*> .

<*> Ескерту: Өзгертулер енгізілген - ҚР Үкіметінің 1996.05.22.
N 626 қаулысымен.

8. "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамына мемлекеттік көмек көрсету және борыштарын өтеудің шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1895 қаулысының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Самсунг Дойчланд ГмбХ" корпорациясы арасында "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамын сыртқы басқаруға контракт жасалған сәттен бастап күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК